

МРНТИ 18.41.51

Жамбыл Мейірбеков¹, Лаура Жұмабекова²¹Қазақстан, Шымкент**ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ АСПАПТАР ОРКЕСТРІНІҢ ЖЕТЕКШІСІН ДАЙЫНДАУДАҒЫ
АСПАПҚА ЛАЙЫҚТАП ТҮСІРУ ЖӘНЕ ПАРТИТУРАМЕН ТАНЫСУ
ПӘНІНІҢ РӨЛІ****Аннотация**

Мақалада оркестр дирижерларының біліктілігі және кәсіби ерекшеліктері, оркестрдегі орны, рөлі, теориялық және тәжірибелік білім деңгейі жоғары болуы керек, әуендік, гармониялық, ырғақтық, ладтық бастауларды сезуі тиіс туралы зерттелген. Сондай-ақ ұжымды ұйымдастыру қабілетіне қатысты қасиеттер, яғни жұмыс жасау барысында өзінің талаптарын дұрыс орындатқыза білу, оркестр адамдарымен жақсы қарым-қатынаста болу, сонымен бірге тыңдаушыға әсер қалдыру және қызығушылығын арттыру туралы қарастырылған.

1. Дирижердің орындалатын шығарманың партитурасымен алдын ала танысып, талдауының маңыздылығы.
2. Партитураны оқып, үйренудің негізгі тәсілдері.
3. Партитураны дауыспен айттып үйренудің дирижер үшін маңызы.

Түйінді сөздер: музыка, оркестр, дирижер, аспап, жетекші, оқыту, орындаушы.

Мейірбеков Жамбыл¹, Лаура Жұмабекова²¹Қазақстан, Шымкент**РОЛЬ ПЕРЕЛОЖЕНИЯ И ЗНАКОМСТВО С ПАРТИТУРОЙ В ПОДГОТОВКЕ
РУКОВОДИТЕЛЯ КАЗАХСКОГО НАРОДНОГО ИНСТРУМЕНТАЛЬНОГО ОРКЕСТРА****Аннотация**

В статье исследованы компетентность и профессиональные особенности дирижеров оркестра, место, роль в оркестре, высокий уровень теоретических и практических знаний, чувство мелодического, гармонического, ритмического, ладового начала. Также рассмотрены качества, связанные с умением организовать коллектив, т.е. уметь правильно выполнять свои требования в процессе работы, иметь хорошие отношения с людьми оркестра, а также произвести впечатление на слушателя и повысить его интерес.

1. важность предварительного ознакомления и анализа дирижером партитуры исполняемого произведения.
2. основные приемы изучения и изучения партитуры.
3. значение для дирижера изучения партитуры голосом.

Ключевые слова: музыка, оркестр, дирижер, инструмент, руководитель, обучение, исполнитель.

Zhambyl Meirbekov¹, Laura Zhumabekova²¹Kazakhstan, Shymkent**THE ROLE OF THE ARRANGEMENT AND ACQUAINTANCE WITH THE SCORE IN THE
PREPARATION OF THE HEAD OF THE KAZAKH FOLK INSTRUMENTAL ORCHESTRA****Abstract**

The article examines the competence and professional characteristics of orchestra conductors, their place and role in the orchestra, a high level of theoretical and practical knowledge, and a sense of melodic, harmonic, rhythmic, and fret principles. We also consider the qualities associated with the ability to organize a team, i.e. to be able to correctly fulfill their requirements in the process of work, to have good relations with the people of the orchestra, as well as to impress the audience and increase their interest.

1. The importance of the conductor's prior familiarization and analysis of the score of the performed work.

2. Basic techniques for studying and studying the score.
3. The importance for the conductor of studying the score by voice.

Key words: music, orchestra, conductor, instrument, leader, training, performer.

Қазіргі білім жүйесі жоғары мектеп алдында мамандарды кәсіби дайындаудың мазмұнын жетілдіру міндеттерін және бәсекеге қабілетті, білім кеңістігінде өзін-өзі жүйеге асыруға, өзін-өзі дамытуға қабілетті тұлғаны қалыптастыруға бағытталған тиімді құралдарды білім үрдісіне енгізуді көздейді.

Қазақ ұлттық аспаптар оркестрлерінің, ансамбльдерінің білікті жетекшілерін дайындаудың педагогикалық үрдісінде «Аспапқа лайықтап түсіру» пәні алдыңғы орынға ие болды. Пәнінің мақсаты-студанттерге аспаптарға лайықтап түсіру және музыкалық шығармалары қазақ ұлттық аспаптар оркестрлері мен ансамбльдеріне аудару бойынша білім беру және тәжірибелік дағдыларды меңгерту. Аспапқа лайықтап түсіру пәнінің міндеті - жеке аспаптар мени жалпы оркестрдің көркем құралдарының барлық байлығын қолдану, музыкалық мазмұнның айқын көрінісіне қол жеткізу.

Жоғары оқу орнында оқу үрдісінде осы мамандықта аспапқа лайықтап түсіру пәнінің қаншалықты маңызды екендігін әрбір студент түсіне бермейді. Аспапқа лайықтап түсіру пәні көркем ұжымның келешек жетекшісін оркестрлер, ансамбльдер үшін партитураларды құру бойынша өз бетінше жұмыс істеуге үйрету үшін арналған. Оркестр жетекшісі үнемі концерттік репертуарды жаңарту жұмыстарын жүргізу керек. Бұл партитуралар аспапқа лайықтап түсірудің түрлі тәсілдерін қолданусыз, оркестрлік фактураны, оркестрдің тембрлік мүмкіндіктерінің барлық байлықтарын жаңартусыз жеткіліксіз маманды орындалуы мүмкін. Сондықтан, оркестрдің орындау шеберлігінің салыстырмалы жоғары деңгейіне қарамастан, шығармалар кейде қарапайым және мәнерлігі төмен болып шығады.

Тарихтан белгілі, аспапқа лайықтап түсіру өнері 16-17 ғғ. Бойы дамыған (Бах және Гендель дәуірі), оркестрдің мәнерлік құралдарының едәуір баюы, (классикалық оркестр) құрылған кезде, 18-19 ғғ. болды. Оның құрылуында маңызды рольді И. Гайдн, В. А. Моцарт, Л. В. Бетховен атқарды. (Классикалық оркестр) негізінде Г. Берлиоз және Р. Вагнер, К. Вебер және Дж. Верди, П. И. Чайковский және Н. А. Римский-Корсаков оркестрлері бірге-бірге қалыптасты. Аспапқа лайықтап түсірудің дамуы музыка өнерінің жалпы тарихи дамуымен, стильдердің ауысуымен және аспаптардың жетілуімен байланысты. Көрнекті композиторлардың оркестрлік жазбасы, аспапқа лайықтап түсіру тәсілдердің жеке түрлілігіне қарамастан, белгілі бір дәуірді, көркем бағытты, ұлттық стильді сипаттайтын жалпы принциптерге сүйенеді. Оркестр мен аспапқа лайықтап түсіру тарихы туралы авторлары көрнекті композитор-тәжірибешілер болған көптеген фундаменталдық еңбектер бар: Г. Берлиоз (Қазіргі аспапқа лайықтап түсіру және оркестрмен орындау туралы үлкен трактат), Н. А. Римский-Корсаков (Өздік шығармалардан партитура үлгілері бар оркестрмен орындаудың негіздері), Ф. Геварт (Аспапқа лайықтап түсірудің жаңа курсы), А. Карс (Аспапқа лайықтап түсірудің тарихы).

Француз композиторы Г. Берлиоз айтқан: Түрлі дыбыстық құралдарды қолдану және әуеннің, үйлесу мен ырғақтың бояуы үшін немесе осы үш ұлы музыкалық күшке бағынбайтын Ерекше текті әсерлерді құру үшін қолдану білігінде аспапқа лайықтап түсіру өнері құрылады. Ақындық мағынада өнер, аккордтардың керемет бірізділік өнері сияқты, зерттеуге аз беріледі. Түрлі инструменттерге тән қасиеттерге, олармен орындауға болатынға н/се болмайтынға, қатаң не анық шығатынға үйретуге болады. Аспаптардың ансамбльдерге, кіші оркестрлерге бірігуге, оларды нәтижесінде жеке өздері немесе тектес аспаптармен бірге орындай алмайтын ерекше әуенді алу үшін қосып араластыру білігіне қатысты тек шеберлердің жалпы тәсілдерін атап, қол жеткізген нәтижелерін ғана айтуға болады (1, 2 б.). Композитордың сөздерінен аспапқа лайықтап түсіру-шығармашыл ж/е жеке тәжірибелік үрдіс деген қорытынды жасауға болады.

Қазақ ұлттық аспаптар оркестрі үшін аспапқа лайықтап түсірудің дамуы Құрманғазы атындағы бірінші қазақ ұлттық аспаптардың академиялық мемлекеттік оркестрінің құрылуынан (1934 ж.) басталды, оның негізін қалаушы композитор, академик, дирижер-А.К.Жұбанов. Дәстүрлі ғасырлар бойы қалыптасқан жеке орындаудан оркестрлік ансамбль формасына өтуде үздік роль А.К.Жұбановқа берілді.

Оркестр репертуарындағы күйлер мен өлеңдер алғашқы кезеңде (оркестрге жеңіл лайықтап түсіру) әдісі бойынша үйретілді. (Оркестрге жеңіл лайықтап түсірудің) құпиясы-Б.Гизатов жазуы бойынша-дирижер А.К.Жұбанов үйренетін күй мен өлеңнің партитурасын ойластырып, жадысында сақтайтын, ал оркестранттар шығарманы дирижердің ауызша сілтемелері бойынша жаттайтын. (Оркестрге жеңіл лайықтап түсіру) дирижер әуеннің сипатын, дыбыс жүргізуін, оның жеңіл үйлесімді желісін, оркестрдің регистрлік ауысуын, түрлі өзгешелік пен белгілерін, сонымен қатар әлдебір шығарманы аспапқа лайықтап түсіру ерекшеліктерін ескертетін. Ахмет Жұбанов аспаптарды жетілдіру ж/е оркестр құрамының тұрақтылығы бойынша көп еңбек етті). Осының бәрі аспапқа лайықтап түсірудің дамуына жағымды жағдайлар туғызды, ұжымның репертуарында орыс ж/е шетел классиканың шығармалары пайда болды. Қазақ салуымен, өңдеулерімен, ерекше шығармаларымен композиторлар мен дирижерлар үлкен үлес қосты: А.Жұбанов, Л.Хамиди, Л.Шаргородский, С.Шабельский, Е.Брусилловский, С.Мұхамеджанов, М.Қойшыбаев, Н.Тлендиев, К.Күмісбеков, Ш.Кажғалиев, А.Мырзабеков және басқалары.

Ұлттық композиторлар – Құрманғазы, Дина, Дәулеткерей, Түркеш, Ықылас, Тәттімбет, Сүгір және басқалары бізге бай шығармашыл мұра қалдырды. Оркестрдің орындауында күйлер жаңаша әуен тапты: диапазон, тембрлік бояулар, бай көркем құралдар оларға симфонизм элементтерін қосты.

Аспапқа лайықтап түсіру келешек оркестр жетекшісінен, қабілеттерінен бөлек, теориялық пәндер циклінің кең білімін талап етеді: (Гармония, Сольфеджио, Фортепиано, Музыкалық формалардың талдауы) және т.б.

Орта және жоғары буынның музыкалық мекемелерінде аспапқа лайықтап түсіру пәнінің алдында оркестр инструменттерінің пайда болу тарихы, олардың сұрыптамасы, техникалық мүмкіндіктері, нақты аспаптың оркестр фактурасындағы орны туралы жетік білім беретін аспапқа лайықтап түсіруімен таныстыру пәні өтеді. Аспапқа лайықтап түсіру техникасын меңгеруде тембралдық және фактуралық жағынан логикалық ойлау білігі маңызды роль атқарады.

Осы пәнді оқытудың көп жылдық тәжірибеміз оқушыларға күйлерді аспаптарға лайықтап түсіру ерекше қиынға түсетіндігін көрсетеді. Мұндай жағдайда жұмысты түп нұсқаны (домбыра мен қобыз үшін күй) аспаптардың аз құрамына аударудан бастау қажет, оқушы тембралдық және фактуралдық жағынан (оркестрлі) ойлай бастаған кезде, оркестр үшін аспапқа лайықтап түсіруге кірісуге болады.

Күйлерді аспапқа лайықтап түсіру техникасында келесі тәсілдер қолданылады: дубльдеу, оркестрлік тутти, динамикалық құрылым, әуеннің (қабаттық) мазмұны. Оркестрлік партитураның әрбір дауысы, жалпы дыбысталудың бір бөлшегі бола тұра, белгілі бір функцияны орындайды. Вертикаль жоспарын құру барысында инструментатордың негізгі міндеті – оркестрлік фактураның жеке функцияларын бөлу білігінде – әуенді, педальді контрапункты, фигурациялардың түрлі түрлерін, ал партитураның горизонталында – аспаптардың тембрлік, динамикалық, регистрлік мүмкіндіктерін көрсету білігінде.

Күйлердің вертикаль құрылымында қазақ ұлттық аспаптар музыкасына тән принциптерге сүйеніп, материалдық кварто-квинтолық мазмұнын сақтау керек. Теріс жағдайда шығарманың ұлттық стилі, мәнерлік үйлесімді реңкі жоғалады. Сонымен қатар оркестр тілінің тембрлер-бояуларын кең қолданған дұрыс, орта регистрді (туттиге) толтыру мен эпизодтық аспаптарды аспапқа лайықтап түсіруді батыл енгізген жөн.

Ұлттық өлеңдерді аспапқа лайықтап түсіруде фигурацияның түрлі түрлерін қолдануға, контрапункт, дыбыс астын, нұсқаларды шығаруға болады, бірақ, аккомпанементтің үйілмеуін қадағалау керек. Егер күйлерде қобыз тобына әуенді орындау

тапсырылса, өлең аккомпанементінде бұл топ көп дауысты педальда, фигурацияда жақсы орындалады. Қобыз тобының болуы оркестр репертуарына әлемдік классиканың түрлі шедеврлерін енгізуге мүмкіндік береді. Симфониялық партитурадан қазақ ұлттық аспаптар оркестріне аудару үрдісінде ұлттық ерекшелікті ескеріп, дыбыстық теңгерімді дұрыс реттей алу керек.

Жоғарыда айтылғанды ескеріп, қазақ ұлттық аспаптар оркестрінің келешек жетекшісі (Аспаптарға салып орындау) курсына оқуда оркестрлік мазмұнның негізгі принциптеріне қатысты сұрақтардың маңызды роліне көңіл бөлуі керек:

а) аспаптарға лайықтап түсіру шығарманың мазмұнын өзгертусіз, фактуралық, интонациялық, тембрлік және динамикалық шешімдерінің нәзік ерекшеліктерін көрсетуі керек;

ә) шығарманы таңдау барысында ұжымның орындау мүмкіндіктерін ескеру қажет;

б) аспаптарға лайықтап түсіруші аспаптардың тембрлік, техникалық, динамикалық мүмкіндіктерін біліп қана қоймай, оның, оркестрдің әрбір аспабының тембрін оймен есту үшін, дамыған ішкі есту қабілеті болуы керек.

Аспаптарға лайықтап түсіру үрдісінде оркестрдің келешек дирижерінің композиторлық шеберлік дағдылары дамиды. Бастауыш аспаптарға лайықтап түсірушілер үшін өз шығармаларын ансамбльде, оркестрде тыңдау-өте жақсы тәжірибе. Тыңдау нәтижесінде аспаптарға лайықтап түсірудің әлсіз жақтары анықталады, қажет болса, толықтырылады. Аспаптарға лайықтап түсірушілердің аспаптарға лайықтап түсіруінің ұжымның репертуарлық қорына кіруі, оркестрдің концерттерінде орындалуы аспаптарға лайықтап түсірушілердің шығармашыл ізденістерінің нәтижесі болып саналады.

Оркестрмен орындалатын музыкалық шығарманы, партитурасымен дирижер алдын ала танысып, оны барынша терең талдауға міндетті. Біз партитураны оқудың жәй – жапсарына көп тоқталмауымызға болады, себебі, музыкалық орта және жоғарғы оқу орындарының оқу жоспарларында бұл туралы арнайы пән қарастырылған. Дегенмен, біздің кейбір кеңестеріміз болашақ оркестр дирижерларына пайдалы болар деп ойлаймыз.

Партитураны оқып – үйрену барысында көп еңбектеніп, шығарма туралы, шығарманың авторы жайлы барынша көп білуге талпынуға тура келеді. Ең алдымен шығарманың авторы жайлы жазылған әдебиеттермен, басқа да материалдармен танысу арқылы оның өмірбаяны, шығармашылық ерекшеліктері, стилі, өмір сүрген заманы, ортасы, оның шығармашылық жұмысына өз әсерін тигізген тарихи – әлеуметті оқиғалар жайлы мәліметтерді жинастыры, талдауымыз керек. Автордың шығармашылық ерекшелігімен танысу мақсатында, оның бірнеше музыкалық шығармасын тыңдап, автордың стилімен танысып, шығарманың жалпы сипатын байқауға болады. Мүмкіншілік болса, орындауға ұсынылып отырған шығарманы басқа музыканттардың (оркестр, ансамбль, жеке орындаушы) орындауында тыңдау өзінің оң нәтижесін береді.

Партитура қандай құрамдағы оркестрге жазылған, құрамы жағынан біздің оркестрге жақын келе ме, мелодиялық әуендер қай аспапқа берілген, полифониясының өзіндік ерекшелігі, гармониялық құрылымы, оркестрге лайықтап жазылу стилі (жеке дауыстардың, аспаптық топтардың қолданылуы, тембрлік бояудың пайдаланылуы), шығарманың екпіні, ырғақтық ерекшеліктері, динамикасы және музыкалық фактурасымен егжей-тегжейлі тынысып, білу керек. Сонымен қатар, дирижер, шығарманың мазмұнына, автордың беруге тиісті ойына және партитураның жазылу ерекшелігіне байланысты мәселелерді оркестр мүшелеріне репетициялық жұмыстар кезінде түсінікті де ұтымды жеткізу үшін керекті музыкалық терминдер мен теңеу сөздерді алдын ала ойластырып қойғаны дұрыс болады. Осылай жасалынған талдаулардың нәтижесінде, дирижер, шығарманың тақырыптық мазмұнымен, оркестрлік үйлесімділік ерекшелігімен толығырақ таныса түседі.

Егер, шығарма оркестрге лайықтап қайта жасалынған болса, оның түп нұсқасымен танысу керек – ол дирижерға мазмұндық сипатын авторлық үлгісінде, толығырақ үйреніп білуіне мүмкіндік береді.

Оркестрмен репетициялық жұмыстарды бастамас бұрын, дирижер, шығарманы барыншы тыңғылықты үйреніп, барлық дыбыстарды көңілде сайрап тұратындай білуі

керек. Партидураны жан –жақты жақсы білу, ұжыммен жасаған жұмыс кезінде дирижердың өзін жақсы сезініп, шығарманың көркемдік құндылығын оркестрдің орындаушы-музыканттары алдында толық ашып, белсене жұмыс жасауына, репетициялық жұмыстың жоғары нәтижелі болуына пайдсын тигізеді. Жоғары деңгейдегі оркестрлік орындаушылық шеберлік, дирижер қимылындағы мәнерлілікпен орынды, жарасымды мануалдықтехника, атақты дирижерлердің тәжірибесіне қарағанда, тек, партидураны жете, толық жатқа білудің нәтижесіеде келеді екен. Партидураны жақсы меңгермеген дирижер, көп жағдайда, оркестр ұжымының алдында дәрменсіздікке душар болып, өзінің жетекші ретіндегі беделінен айырылып отырады. Мұндай жағдайда өткен репетиция шығарманы бірнеше рет нәтижесіз қайталаудан ары бара алмайды. Шығарманы белгілі себепсіз тоқтатып, қайсыбір бөлімдерін көп қайталау «әдісі» ешқашан қанағаттанарлық нәтиже берген емес, оның оркестр мүшелерінің сабаққа деген қызығушылығын төмендетіп, жалықтырғаннан басқа пайдасы жоқ. Осыған байланысты Н.А. Римский-Корсаковтың «Эпидемия дирижерства» атты еңбінде « оркестр музыканттары оның (дирижердің) келешекте жинақталатын тәжірибесінің аздығын кешіреді, ал, білмегені үшін кешірім де, құрметтеу де болмайды» деген сөзі орынды айтылған пікір.

Партидураны оқып, үйренудің бірнеше жолы бар. Практикада көбірек қолданылатынбір түрі – фортепианомен ойнап үйрену. Бұл әдістің тиімділігі сонда – аспаптың клавирінде оркестрлік фактураны көбірек қамту арқылы, біз партидураның негізгі дыбыстарын бір мезгілде ойнап, оркестрлік аккордтарды тыңдай аламыз. Бұл тәсілді қолдану жас дирижерлар үшін тиімді. Ал, тәжірибелі дирижерлар партидураны көзбен оқып, шығарманың болашақ үнін « көңілмен есітуі» (тәжірибелі музыканттарда көңілмен есіту (внутренний слух) жақсы дамыған болса, ол кез келген партидураны көзбен қарап отырып, шығарманың болашақ үнін көңілінде толығымен елестете алады) арқылы шығармамен танысады. Көптеген дирижерлар фортепианоға ойнауға дауыс қосып оқығанды дұрыс көреді; ол – мелодиялық әуендерді дауыстап айта отырып, басқа партияларды фортепианоға ойнау деген сөз. Бұл тәсіл, алғашқы кезде қиындау болып көрінгенмен, түбінде, үйрене келе, өте пайдалы және қолайлы екендігін жас дирижердің өзі де мойындайды. Бұл тәсіл, сонымен қатар, фортепианода ойнауды жақсы меңгерген дирижерлар үшін де тиімді.

Партияларды дауыспен айтып (сольфеджио) үйренудің және бір тиімді жері, оркестрмен репетициялық жұмыс кезінде кейбір партияларды оркестранттарға дауыспен айтып көрсетуге тура келеді. Мұндай жағдай жұмыс барысында жиі кездеседі, сонымен қатар, дауыспен айтқанда партияны интонациялық тұрғыдан таза, шығарманың сипатына сәйкес орындау міндетті.

Партияларды дауыспен айтып үйрену музыканттың көңілмен есіту қабілетін дамытады, бұл дирижер үшін маңызы өте үлкен қасиет. Партидурада кездесетін күрделі ырғақты партияларды үйрену үшін алғашқы кезде оны жәй екпінде орындап, интонация мен ырғақтың бұзылмауын қадағалап отырған жөн.

Мелодиялық әуенді дауыспен айта отырып, сүйемелдеуші дыбыстарды фортепианоға орындау тиімді тәсіл, сонымен қатар, ол бізге партидураның негізгі элементтерін бірден үйренуге мүмкіндік береді және музыкалық шығарманың жалпы сипаты көрнекіленеді.

Дирижер партидурадағы музыкалық аспаптарға арналған барлық партияларды тыңдай отырып, олардың өзара гармониялық үндесуімен, тембрлік бояуымен, оркестрге лайықтап түсіру тәсілдерімен және басқа да көптеген ерекшеліктерімен танысады.

Оркестрге арналған шығарманың партидурасымен танысу мұнымен аяқталды деуге болмайды. Бұл жұмыс, көп жағдайда, дирижердің жеке басының екершеліктеріне және оның прктикалық тәжірибесінің ауқымына байланысты өзгеріп отыруы мүмкін.

Дирижердің маман ретінде қалыптасуына, сонымен қатар, әр түрлі жанрдағы музыкалық шығармаларды оркестрге, ансамбльге лайықтап түсірумен айналысу, әртүрлі типтегі оркестрлер мен ансамбльдерге жасалынған партидураларды талдау, оркестрге арналған партидурадан аспаптық партияларын әр аспаптың екершелігіне байланысты жазылу тәсілдерін (штрихтар мен дыбыс шығару тәсілдерін саралай отырып) көшіру көп

пайдасын тигізеді. Шығарма автордың айтайын деген ойын шығарманы орындау барысында жүзеге асырудың жолдары мен тәсілдерін көріп, сын көзбен қарап, талдап үйренуі үшін басқа, тәжірибесі мол дирижерлардың репетициясына партитураны қолға алып отырып, қатысу жас дирижер үшін аса пайдалы іс.

Партитураны оқып, үйрену ісіндегі жетістіктер, дирижердің партитураны көңілмен оқу (внутренний слух) тәсілін жүйелі түрде жетілдірумен, гармония, полифония, музыкалық шығарманы талдау, аспаптану, музыка тарихы салалары бойынша теориялық білімін көтеру нәтижесінде іске асады.

Оркестрлік партитураны толық меңгергеннен кейін дирижер оркестрмен жасалатын репетициялық жұмысқа бөлінетін уақытты тиімді пайдалану мақсатында репетицияны өткізу тәсілін белгілеп, оны жоспарлауға кіріседі.

Әдебиеттер тізімі

1. **Байжұманов С.** Халық аспаптары оркестрі.-Алматы:Өнер, 1993.
2. **Барсова И.** Книга об оркестре.-М.:Музыка, 1969.
3. **Бейсенбекұлы О.** Сазды аспаптар саны.Алматы,Ана тілі, 1994.
4. **Газарян С.** В мире музыкальных инструментов.-М.:Просвещение,1989.- 192с.:ил.
5. **Жарқынбеков М.** Қазақтың халық аспаптар оркестрі. Шымкент, ООӨТУ, 1985.
6. **Жанузакова З.** Қазақ халқының аспап музыкасы.Алматы:Қаз ССР Ғылым Академиясы., 1964.
7. **Жұбанов А.** Ғасырлар Пернесі.Алматы,Жазушы,1975.
8. **Иванов-Радкевич А.**О воспитании дирижера.-М.:Музыка,1973.
9. Инструментальная музыка казахского народа:Статьи, очерки. / Сост. Мухамбетова. Алматы, Өнер, 1985.
10. **Каргин А.** Работа с оркестром русских народных инструментов.-М.:Музыка, 1987.
11. **Кузнецов В.** Работа самодеятельным эстрадным оркестром и ансамблями.-М.:Музыка, 1981.
12. **Маталаев Л.** Основы дирижерской техники. – М.:Советский композитор, 1986.
13. **Розанов В.** Инструментоведение.Пособие для руководителей оркестров русских народных инструментов. – М.: Советский композитор, 1981.

References (transliterated)

1. **Bayzhanov S.** Khalyk aspaptary orkestri.-Almaty:Öner, 1993.
2. **Barsova I.** Kniga ob orkestre.-M.:Muzyka, 1969.
3. **Beysenbekuly O.** Sazdy aspaptar sany.Almaty,Ana tili, 1994.
4. **Gazaryan S.** V mire muzykalnykh instrumentov.-M.:Prosveshcheniye,1989.- 192s.:il.
5. **Zharkynbekov M.** Kazaktyn khalyk aspaptar orkestri. Shymkent, OÖÖTY, 1985.
6. **Zhanuzakova Z.** Kazak khalkynun aspap muzykasy.Almaty:Qaz SSR Fylym Akademiyasy., 1964.
7. **Zhybanov A.** Gasyrlar Pernesі. Almaty, Zhazushy,1975.
8. **Ivanov-Radkevich A.**O vospitaniі dirizhera.-M.:Muzykap,1973.
9. Instrumentalnaya muzyka kazakhskogo naroda:Statyi, ocherki. / Sost. Mukhambetova. Almaty, Öner, 1985.
10. **Kargin A.** Rabota s orkestrom russkikh narodnykh instrumentov.-M.:Muzyka, 1987.
11. **Kuznetsov V.** Rabota samodeyatelnym estradnym orkestrom i ansamblyami.-M.:Muzyka, 1981.
12. **Matalayev L.** Osnovy dirizherskoy tekhniki. – M.:Sovetsky kompozitor, 1986.
13. **Rozaov V.** Instrumentovedeniye.Posobiye dlya rukovoditeley orkestrov russkikh narodnykh instrumentov. – M.: Sovetsky kompozitor, 1981.

Авторлар туралы мәлімет:

Мейірбеков Жамбыл Берікбайұлы – өнертану ғылымдарының магистрі, Шымкент қаласы мәдениет басқармасы «Түркістан сарайы» мәдениет үйі концерттік ұйымы Қазақ халық аспаптар оркестрінің Бас дирижері.

Лаура Әбдімананқызы Жұмабекова – Т. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА «Эстрадалық вокал» кафедрасының оқытушысы.

Сведения об авторах:

Мейрбеков Жамбыл Берикбаевич – магистр искусствоведческих наук, главный дирижер оркестра казахских народных инструментов концертной организации Дом культуры «Туркестан сарайы» управления культуры города Шымкент.

Лаура Әбдімананқызы Жұмабекова – преподаватель кафедры «Эстрадный вокал» КазНАИ им. Т.Жургенова.

Information about the authors:

Zhambyl Meirbekov – master of arts in art history, chief conductor of the orchestra of Kazakh folk instruments of the concert organization House of Culture "Turkestan Sarayy" of the Department of Culture of the city of Shymkent.

Laura Zhumabekova - teacher of the department «Pop vocal» at the T. Zhurgenov KazNAI.